

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

Бижанов Сақтапберген Аманжолұлы

Молодеж кенорны жағдайында жерасты кен қазу жұмыстарын жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «Казниту им.К.И.Сатпаева»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байқоңырова

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. д-ры, профессор
С.К.Молдабаев
05 2022ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Молодеж кенорны жағдайында жерасты кен казу жұмыстарын жобалау

5B070700 – «Тау-кен ісі» мамандығы

Орындаған

Бижанов С.А.

Пікір беруші
техн. ғыл. канд.
доцент

Бекангулова Г.К.
05 2022ж.

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. канд,
қауымдастырылған
профессор

М.Елузах
05 2022ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Тау-кен ісі кафедрасы

5B070700 – «Тау-кен ісі»



Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Бижанов Сақтапберген Аманжолұлы

Тақырыбы: Молодежная кенорны жағдайында жерасты кен қазу жұмыстарын жобалау

Университет ректорының «24» желтоқсан 2021ж. №489-П/Ө бұйырығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «20» мамыр 2022ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: - кен денесінің жату тереңдігі – 440 м; кен денесінің қалыңдығы – 25 м; кен денесінің созылым бойымен ұзындығы – 900 м; кен денесінің көлденең ұзындығы (ені) – 380 м; кен денесінің құлау бұрышы – 0^0 ; кеннің тығыздығы – $3,2 \text{ т/м}^3$.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Кен орнының геологиясы

б) Кенорнын ашу және даярлау, кен қазу жүйесі

в) Кеніш көлігі және оқпан албары, кеніш аэрологиясы

г) Өндірістік алаң және жербетінің жоспары, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі, электрмен жабдықтау, экономика және өндірісті ұйымдастыру.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)







Кен орнының геологиясы, ашу және даярлау, жерасты кен қазу жүйесі, кеніш көлігі және оқпан албары.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер 1. [7] Баязит Н.Х. Кенді жерастында қазу және жобалау. - Алматы.: 1996.-165 б. 2. [3] Әбдіраманов Ш.Ә. Жерастында руда қазу процестерін есептеу. - Алматы.: Ана тілі, 1991. – 184 б. 3. [11] Қаражанов Д.Ж. Жерасты кен өндіру процестері. - Алматы:ҚазҰТУ, 1998. – 163 б.

**Дипломдық жобаны орындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кен орнының геологиясы	01.02.22-14.02.22	
Ашу – даярлау	14.02.22-28.02.22	
Қазу жүйесі	01.03.22-15.03.22	
Арнайы бөлім	16.03.22-30.03.22	
Өндірістік алаң және жер бетінің жоспары	01.04.22-15.04.22	

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты бөлімдерінің
кеңесшілерінің және норма бақылаушының
ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Кеніш көлігі және оқпан албары	М.Елузах техн.ғыл.канд., ТКІ кафедрасының қауымдастырылған профессор	3.03.22	
Кеніш аэрологиясы	Б. Бахмагамбетова техн.ғыл.магистрі, ТКІ кафедрасының оқытушысы	18.03.22	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	М.Елузах техн.ғыл.канд., ТКІ кафедрасының қауымдастырылған профессор	1.04.22	
Электрмен жабдықтау	М.Елузах техн.ғыл.канд., ТКІ кафедрасының қауымдастырылған профессор	13.04.22	
Экономика және өндірісті ұйым.	М.Елузах техн.ғыл.канд., ТКІ кафедрасының қауымдастырылған профессор	4.05.22	
Мөлшер бақылаушы	Д.С. Мендекинова жетекші инженер	18.05.22	

Ғылыми жетекшісі _____ М.Елузах

Тапсырманы орындауға білім алушы _____ С.А.Бижанов

Күні «19» мамыр 2022ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада Ақтөбе облысы Хромтау ауданы территориясындағы орналасқан Молодеж хромды кенорнын жерасты қазудың жобасы жасалды. Жобада кенорнның геологиялық жағдайы, ашу және даярлау жұмыстары, қазу жүйесін таңдау, кенішті желдету, кеніш көлігі және оқпан албары, электрмен қамтамасыз ету еңбек қорғау бөлімдері бар.

Дипломдық жоба тәжірибеден алынған нақты мәліметтерге негізделген және техника-экономикалық есептермен дәлелденген.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте составлен проект подземной отработки месторождения Молодежный, которое находится на территории Хромтауского района Актыбинской области. Проект содержит геологическую часть месторождения, вскрытие и подготовку, выбор системы разработки, проветривание рудника, рудничный транспорт и околоствольный двор, электроснабжение и охрану труда.

Дипломный проект основан на фактических данных производства и обоснован технико-экономическими расчетами.

ANNOTATION

The capstone project drafted underground mining Shalkiya deposit, located at the southwest foot of the Tau on the territory of Khromtau district of Akhtobe region. The project consists of a geological part of the field, opening and preparation, the choice of design, mine ventilation, mine trucks and pit bottoms, electricity and labor protection.

The degree project is based on the actual production data and substantiated technical and economic calculations.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	9
1	«Молодеж» кенорнының геологиясы	10
1.1	«Молодеж» географиялық жағдайлары	10
1.2	Кенді денелерінің морфологиясы мен өлшемдері	11
1.3	Кенорнының гидрогеологиялық жағдайлары	11
2	Кенішті ашу және даярлау	12
2.1	Кеніштің басты шамашарттарын анықтау	12
2.2	Тиімді ашу тәсілін таңдау	14
2.3	Бас ашу қазбасы түсетін жерді анықтау	15
3	Қазу жүйесі	17
3.1	Қазу жүйелерін таңдау	17
4	Кеніш көлігі және оқпан албары	20
4.1	Көліктің экономикалық көрсеткіштері	20
5	Кенішті электрмен жабдықтау	23
5.1	Жерасты тау-кен жұмыстарын жарықтандыру	23
5.2	Жерасты қазбаларын жарықтандыру	24
5.3	Негізгі электр қуаты көрсеткіштерін анықтау	24
6	Кеніш аэрологиясы	26
6.1	Кенішті желдету қажет ауа мөлшері анықтау	26
6.2	Техника – экономикалық көрсеткіштері	27
7	Еңбекті қорғау	29
7.1	Жалпы ережелер	29
7.2	Қауіпті және зиянды өнімді факторлық талдау	29
7.3	Техникалық шаралар	30
7.4	Өртке қарсы шаралар	30
7.5	Санитарлы-гигиеналық шаралар	30
7.6	Шаңмен күрес әрекеттері	31
7.7	Шумен күрес шаралары	31
7.8	Дірілмен күрес жолдары	31
7.9	Өндірістік жарақаттардың алдын алудың қауіпсіздік техниканың шаралары	31
8	Өндірістік алаң және жер бетінің жоспары	32
9	Экономикалық бөлім	33
9.1	Кеніш көлігінің экономикалық көрсеткіштері	35
9.2	Кеніш аэрологиясының экономикалық көрсеткіштері	39
	ҚОРЫТЫНДЫ	41
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	42

КІРІСПЕ

Тау-кен өндірісі Қазақстан экономикасының негізі болып табылады. Оның өсіп, өркендеуі ауыр индустриясының даму қарқының мемлекеттің экономикалық мәртебесі мен қорғаныс қуатын анықтайды.

Кен өнеркәсіптерінің ашу, қазу, тасымалдау машиналары мен жабдықтары олардың негізгі қаржыларының маңызды бөлігі және техника-өндірістік әлеуметті болып табылады. Сондықтанда жерасты кеніштерінің жоғары өнімді жабдықтардың соңғы үлгілерімен жабдықталғанын ескере отырып, оларды үнемді пайдалану және ұзақ мерзімдік жұмыс күйінде сақтау кеніш басшыларының күнделікті есінде ұстайтын мәселесі болуға тиісті. Машинаның техникалық жағдайы жұмысшының еңбек өнімділігін, шығаратын өнімнің саны мен өзіндік құнын анықтайды.

Кен-геологиялық, кен-техникалық жағдайлардың әр түрлі және соған сәйкес кен орындарын дайындау мен пайдалы қазындыларды өндіру сұлбелерінің сан алуан болып кездесуі, неше түрлі жүргізуші және өндіруші техникалар шығаруды талап етеді. Бұл ретте маңызды әлеуметтік мәселе ретінде жұмыс жағдайының қауіпсіздігі, ынғайлылығы және еңбек өнімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету алға қойылады.

Мемлекетіміздің экономикасының үдеп, жылдам дамуының басты шарттарының бірі – түсті және басқада металдарды өндіру көлемін одан әрі ойдағыдай ұлғайту болып табылады. Ол үшін жерасты жұмыстарын жаңа технологиялармен жетілдіріп, капиталдық және дайындық қазбаларын оздыра кең көлемде жүргізу керек.

Дипломдық жобада «Молодеж» кенішін жобалау жұмыстары геологиялық жағдайларға, басты шама-шарттарға, техника-экономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып есептелген.

1 Кенорнының геологиясы

1.1 Географиялық жағдайлары

«Қазхром» ТҰҚ» өнеркәсібінің кендерді жерасты өндіретін «Молодеж» кенорны Хромтау қаласының солтүстік-шығысынан 11км қашықтықта және «20 лет КазССР» кенорнының солтүстік-шығысынан 4км қашықтықта орналасқан.

Ауданның өнеркәсібі экономикалық жағынан жақсы дамыған. Дөң тау-кен байыту өндірісінің өнімі хром мен хром концентраты. Аудан климаты катал континентальді болып келеді.

Кенорынның аумағанда 25 кен сілемі анықталған, олар бір-бірімен қатарласа орналасқан. Есепік қор 18 кен сілемі бойынша есептелген. Барлау жұмыстары бойынша барлық кен қорының 98% болатын №3, 4 және 22 кен сілемдеріндегі және №14 кен сілемінің жарты бөлігінде өнеркәсіп категориялары анықталған. №14 кен сілемін 1,5 млн.т тұтас кен қорын ашық әдіспен өндіруге болатындай тереңдікте орналасқан.

Жер бетінен жату тереңдігіне дейін № 3, 4 кен сілемдері ашық жұмыстар арқылы өндіріледі, № 22 кен сілемі тек жерасты кен қазу жүйесі бойынша өндіріледі. Жалпы кенорнына 40° бұрышпен № 22 кен сілемі солтүстік-шығысқа созыла орналасқан. №3 кен сілемі Х және ХХІІ барлау сызықтарының арасы бойынша ұңғымалармен ашылған. Оның созылымы меридианды, құлау бұрышы батыстан солтүстік бөлігі горизонтальді (15-25°). Кен сілемі оңтүстікке 5-12° бұрышпен құлай орналасқан. Кен сілемі линза пішінді, қуаты тұрақсыз, төңбе бүйірінің жату тереңдігі 15,6м (солтүстік бөлігі) 161,0м-ге дейін (оңтүстік бөлігі) өзгермелі болып келеді.

Қуаты 0,3 м-ден 85,4 м-ге дейін өзгеріп отырады, орташа қуаты 40м.

Кенді орналасқан тасты сілем қабаттарын өңдеу біркелкі структуралы және механикалық қасиеттерімен сипатталады. Қаралған учаскенің іші тектоникалық бұзылуға бөлінеді.

Кен үсті түрлерінің қалыңдығы негізінен орта және аздап жарылған, беріктігі (f -6-8) жыныстар орта және төмен тұрақтылыққа қабілетті.

Таулы аймақтарда тау-кен орнының толқынының көлемі 25-50м³ дейін болса, уақыт өткен сайын 1,0 м биіктікте күмбез тәрізді қалыптасады.

Тау-кен орнының тұрақтануы үшін тіреуіш қажет. Учаскеде рудалар берік бөлшектермен уатылған және сусымалы сан қилы нәрселерге толған 5-10м сайын бұл арқылы күрделі және нашар рудалардың араласа орналасқанын бақылауға болады. Учаскеде берік рудалар кездеседі, бірақ жарық түскіштігіне қарай олар тұрақтылығы төмен класс түріне жатады.

Учаскелерді инженерлік-геологиялық пайдалану шарты бойынша түгелімен қарағанда күрделі, ал таулы-техникалық шарты тіпті өте күрделі зарядқа жатады.

Қорларды жер астынан шығарғанда эндогендік өрттер болмайтыны шындық, өйткені рудалар мен тау жыныстары өздігінен жанбайтындар қатар-

на кіреді, ал кен орындары тіпті өртке қауіпсіз.

Жерастында жыныстар мен рудалар учаскесін жұмсарту коэффициенті 1,6-ға тең. Барлық горизонтальды жақсы қалыптасқан кен орындары 1учаскеде 1-кезеңде құрылған және жарық өзегі арқылы өткен судан аз суланады. 1998 жылға дейін кенорындарын ашуға дайындық жұмыстары істелмеген кезде орташа есеппен сукөздері әрқабаттан (минус 80 және минус 160м) 1м³/сағаттан аспайтын. 1999 жылы руда шығаруды бастағаннан кейін таулы массивте бұзылған аймақтар пайда болды. Олар мөлшері жағынан ақырындап ұлғайды.

Олар тектоникалық бұзылуға ұшыраған және жарық өзегі арқылы өткен су салдарынан молайды. Нәтижесінде 2001 жылдан мол сукөздері қабаттарда өсті және өзгерді: минус 80м қабатта-2,5-нан 4,5м³/сағ, минус 160м қабатта - 4,5-17,5м³/сағ.

1.2 Кенді денелердің морфологиясы мен өлшемдері

Жүргізілген геологиялық барлау жұмыстар арасында кенорында бір негізгі кенді дене, оның төрт апофизасы және бір линза бар екендігі анықталған. Негізгі кенді денеде кенорынның 93% жоғары баланстық қорлары орныққан. Негізгі кенді дене солтүстік-шығыс бағытта созылған линза тектес шоғыр болып табылады. Ол оңтүстік-шығысқа қарай 35-40° бұрышпен құлап жатыр. Кенді дененің созылымы 1600м. Негізгі кенді дененің ішкі құрылысы кендердің әртүрлі табиғи типтерінің өзара байланысымен айқындалған.

1.3 Кенорынның гидрогеологиялық жағдайлары

“Молодеж” кенорының ішінде бір сулы кешен-төменгі ордовик ультранегізді таужыныстардың ашық жарықшақты белдемінің жерасты суы. Су кіріктіруші жыныстар серпентинит, дунит және перидотит. Таужыныстардың сулануы олардың жарықшақтылық дәрежесіне байланысты. Жарықшақты таужыныстардың ең суы көп белдемі негізінен 110м тереңдікке дейін орналасқан, жарықшақтық белдемі 300м-ден аспайды, төменірек-жыныстар сулы емес. Сонымен бірге жарықшақтылықтың активті белдемі 500м және одан әрі тереңдікте тектоникалық бұзылыс бар жерде байқалады.

Жерасты суының астасу тереңдігі 1м-ден 13м дейін. Атмосфералық жауын-шашын жерасты суының қорек көзі болып табылады. Жерасты суының режимі климаттық.

2 Кенішті ашу және даярлау

Жобалап отырған кеніштің кен денесінің геометриялық пішіні дұрыс болғанын және жату жағдайының қарапайымдылығын ескере отырып қазу тәсілін таңдау үшін келесі әдістемені пайдаланамыз.

Ашудың шектік коэффициентін анықтаймыз:

$$K_{ш} = \frac{C_{ж} - C_a}{C_{ар}}, \quad (2.1)$$

мұндағы $C_{ж}$ - кенді жерасты тәсілімен өндеудің өз құны;

$$C_{ж} = 1400 \text{тг/т};$$

C_a -кенді ашық тәсілімен өндірудің өз құны;

$$C_a = 550 \text{тг/т};$$

$C_{ар}$ - ашудың өз құны – 130 тг/т;

$$K_{ш} = \frac{1400 - 550}{130} = 6,5$$

Карьердің тереңдігін аналитикалық тәсілмен табамыз:

$$H_{\kappa} = \frac{K_{ш} \cdot K_m \cdot m_{ор}}{ctg\beta + ctg\gamma}, \quad (2.2)$$

мұндағы $K_{ш}$ - аршудың шектік коэффициенті;

K_m - ашық тәсілмен қазғандағы түсім коэффициенті;

$m_{ор}$ - кен сілемінің орташа қалыңдығы, м;

$ctg\alpha, ctg\gamma$ - карьер беткейінің қиябетінің бұрышы, құлама және төнбе бүйірлері жағынан;

$$H_{\kappa} = \frac{6,5 \cdot 0,94 \cdot 25}{0,85 + 0,85} \approx 100 \text{ м}.$$

Карьер тереңдігі 90м, ал кен денесінің жату тереңдігі 600м болғандықтан кенорнын жер асты тәсілімен қазу орынды деп, қорытынды жасаймыз.

2.1 Кеніштің басты шама-шарттарын анықтау

Есептік қор:

$$Q_e = B \cdot L_{cos} \cdot m \cdot \gamma, \quad (2.3)$$

$$Q_e = 380 \cdot 900 \cdot 25 \cdot 3,2 = 27360000 \text{ т},$$

мұндағы L_{cos} -созылым ұзындығы,м;

B - тазартпа жұмыс шебінің ені,м;

m - кеннің қалыңдығы, м;

γ - кенің тығыздығы, т/м³.

Түсім қоры:

$$Q_m = Q_e \cdot \frac{K_m}{1 - \rho}, \quad (2.4)$$

$$Q_m = 27360000 \cdot \frac{0,94}{1 - 0,09} = 28261978 \text{ т},$$

мұндағы K_m - түсім коэффициенті,

ρ - құнарсыздану коэффициенті.

Жазық және көлбеу кен денелері үшін кеніштің жылдық өнімділігі мына формуламен орындалады:

$$A_{жс} = B \cdot m \cdot V \cdot \gamma \cdot \frac{K_m}{1 - K_p}, \quad (2.5)$$

мұндағы B - тазартпа жұмыс шебінің ені, м;

m - кеннің қалыңдығы, м;

V - тау-кен жұмыстарының жылдық жылжуы, м;

$$V_{ауc} = N \cdot n_{ауc} \cdot V_{ауc} \cdot V_o, \quad (2.6)$$

$$V_{ауc} = 295 \cdot 3 \cdot 0,01 \cdot 3 = 26,6 \text{ м},$$

$$A_{жс} = 380 \cdot 25 \cdot 26,6 \cdot 3,2 \cdot \frac{0,94}{1 - 0,09} = 835298 \text{ т/жыл.}$$

Кеніштің қызмет ету мерзімі:

$$T = t_o + t_n + t_o, \quad (2.7)$$

мұндағы t_o - кеніштің даму мерзімі, $t_o = 3 - 5$ жыл;

t_n - кен орнын қазымдаудың негізгі уақыты;

t_o - кеніштің өшу мерзімі, $t_o = 2 - 4$ жыл.

Кен орнын қазымдаудың негізгі уақыты:

$$t_n = \frac{Q_T}{A_{жс}}, \quad (2.8)$$

мұндағы $A_{жс}$ - кеніштің жылдық өнімділігі, т/жыл;

$$t_n = \frac{28261978}{835298} = 34 \text{ жыл},$$

$$T = 3 + 34 + 2 = 39 \text{ жыл.}$$

2.2 Тиімді ашу тәсілін таңдау

Тиімді ашу тәсілін таңдау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде барлау нәтижесінде анықталған бастапқы мәліметтерге сүйеніп, кеніштің кен-

геологиялық жағдайына сәйкес және қойылатын талаптарды ескере отырып, ашу тәсілдерінің ықтимал 5-6 нұсқаларды алдын-ала таңдаймыз [1,2]. Бұдан соң салыстырудың нұсқалық әдісін қолданып, әлгі алдын-ала белгіленген нұсқалардың артықшылығы мен кемістігіне қысқаша талдау жасаймыз, жарамсыз деген ашу сұлбасын шығарып тастаймыз. Сөйтіп, одан әрі салыстыруға 2-3 әдіс таңдап аламыз да, тиімді ашу тәсілін таңдаймыз [3,5].

Екінші кезеңде одан әрі қарастырылуға қалдырылған әлгі 2-3 әдіс техника-экономикалық салыстырудан өткізіліп, тиімді ашу тәсілі қазбалардың түсетін жері, қабат биіктігі, шығын және құнарсыздық коэффициенттері, бұрыннан жұмыс істеп тұрған жаралым элементтер ашу тәсілі іздестіріліп жатқан кенішке ұқсас кеніштер тәжірибесі негізінде алынады. Жұмсалатын күрделі қаржыны есептеу үшін алдымен шахта үстіндегі құрылыстармен қоса жүргізілетін оқпан албары сияқты басқа да тау-кен қазбаларының көлемі анықталады.

«Молодеж» кенорнын бірнеше тәсілдермен ашуға болады.

Таңдап алынған ашу тәсілі келесі талаптарға қанағаттандыруы керек: тау-кен қазбаларының жеңілдетуінің жақсы жағдайлары және жұмыс қауіпсіздігі, жер қойнауынан пайдалы қазбаларды барынша көп өндіріп алу, күрделі және тұтынымдық қаржыны үнемдеу, тазартпа жұмыстарының дамуымен шақты алабын ашудың ең аз мерзімде орындалуы, қажетті өндірісті қуатты қамтамасыздандыру [14].

Екі бәсекелес нұсқалардың ішінен біреуін, яғни қолайлысын таңдаймыз.

1- тәсіл: Негізгі клеттік және скиптік оқпандармен және ығысу аймағынан тыс екі қапталдан желдетпе оқпандармен ашу.

2- тәсіл: Ығысу аймағынан тыс бір жақ қапталдан негізгі клеттік және скиптік оқпандармен және екінші қапталдан ығысу аймағынан тыс желдетпе оқпандармен ашу.

Ашу тәсілдерінің техника-экономикалық көрсеткіштері:

Техника экономикалық көрсеткіштер нәтижесі 2.1- кестеде келтірілген.

2.1 кесте - Ашу тәсілдерінің техника-экономикалық көрсеткіштері

Қаржы шығындары	Пайдаланылған формула	Ашу тәсілдері	
		I	II
I Күрделі қаржы			
Бас тік оқпанды өту	$K_{BO} = H_{BO} \cdot K_{BO} \cdot n$	70400000	75400000
Желдетпе оқпанды өту	$K_{ЖО} = H_{ЖО} \cdot K_{ЖО} \cdot n$	104000000	123400000
Қылуеттерді өту	$K_{КЫЛ} = L_K \cdot K_K$	73600000	85960000
Күрделі өрлемелерді өту	$K_o = \sum h_o \cdot K_k$	900000	968000
Оқпан албарын өту	$K_{OA} = (0.24 + 0.48 \cdot A_{Ж}) \cdot n_{OA}$	2004715	2004715
Жерүсті ғимараттарды салу	$K_{ЖГ} = 9.2 + 3.24 \cdot A_{Ж}$,	2706374	2706374

Күрделі қаржы жиынтығы	$\sum K$	253611089	285609152
Іт түсім қорына шаққанда	$K_1 = \frac{\sum K}{Q_e}$	9,86	14,5
Меншікті күрделі қаржы	$K_2 = \frac{\sum K}{A_{ж}}$	304	425
II) Тұтынымдық шығындар			
Бас оқпанды күтіп ұстау құны	$C_{BO} = H_{BO} \cdot r_{BO} \cdot T \cdot n_{BO}$	274560000	286471564
Желдетпе оқпандарды күтіп ұстау құны	$C_{ЖО} = H_{ЖО} \cdot r_{ЖО} \cdot n_{ЖО} \cdot T$	405600000	426300000
Қылуееттерді күтіп ұстау құны	$C_{КЫЛ} = L_K \cdot r_K \cdot T \cdot n_K$	574080000	616580000
Өрлемелерді күтіп ұстау құны	$C = L_K \cdot r_K \cdot T \cdot n_K$	7020000	7650000
Қылуеетпен кен тасымалдау құны	$C_{КТ} = L_{КТ} \cdot Q \cdot K_T$	520020395	589734456
Кенді көтеру құны	$0,5(H + h_n) \cdot Q_C \cdot C_{КТ}$	353274725	365123258
Сутөкпе құны	$C_{КОТ} = 48(H + h_n) \cdot 0,5 \cdot C_{cy}$	370345726	396489678
Шақты үсті ғимаратын күтіп ұстау және жөндеу	$C_{ШГ} = (0.164 + 0.007 \cdot A_{ж}) \cdot T$	2280370	2499297
Тұтынымдық шығындар жиынтығы	$\sum \mathcal{E}_{ж}$	2507181216	2655643254
Іт түсім қорына шаққанда	$\mathcal{E} = \frac{\sum \mathcal{E}_{ж}}{Q_T}$	88,71	102,2
Келтірілген шығын	$J = C_p + K_T \cdot E$	134,31	156,9

Техника экономикалық көрсеткіштерді салыстыра келе келтірілген шығынның ең аз көрсеткіші І-нұсақа болды. Яғни, сырғу алабынан тысқары кен сілемнің жатпа бүйірінен бас тік оқпанмен, желдетпе оқпандармен және квершлагтармен ашу тәсілі.

2.3 Бас ашу қазбасы түстін жерді анықтау

Анықталған ашу теориясынан кенді ашатын негізгі және көмекші қазбалардың көлемі тек бүйір тұсынан жүргізгенде ғана азайып, оларды ұңғылауға жұмсалатын күрделі қаржының анағұрлым қысқаратынына көз жеткізіледі. Дегенмен ашу тәсілін жобалау жұмысы осымен аяқталмақ емес. Ендігі кезекте бас оқпанның түсетін жерін анықтау қажет. Бас ашу қазбасы түсетін жер, ашу тәсілдерін таңдау кезінде жобаланып алынып қояды. Бас ашу қазбасы түсетін орнын анықтар алдында ескерілетін талаптар: тау жыныстарының геологиялық құрылымы; жер бетінің бедері; жол қатынасын салу мүмкіншілігі; шахты үсті ғимараттар мен басқа да өнеркәсіптік

құрылыстар салу; кен жинайтын қоймалар мен бос тау жынысын төгетін алаңдар т.б.

Бас оқпанның түсетін орнын анықтауда ең бірінші ескеріліп, көңіл аударатын фактор қажетсіз шығынды азайту. Кеніш алабының оң және сол қанатынан тасылып жеткізілетін кенге жұмсалатын қаражат бірдей аспайтын қашықтықта орналасуы шарт.

Жерасты көлігі жұмысының ең аз мөлшерін қамтамасыз ететін негізгі ашу қазбасының түсетін орнын анықтаудың екі түрлі әдісі бар:

- 1) Академик А.Д. Шевяковтың графикалық және аналитикалық әдістері;
- 2) Профессор С.К. Соболевскийдің графика-аналитикалық әдістері.

Негізгі ашу қазбалары түетін орынды профессор С.К. Соболевскийдің графика-аналитикалық әдісімен анықтау бізге тиімдірек.

Практикада құлау бұрышы үлкен, қалыңдығы біркелкі емес, әрі жанас тау жыныстарымен шекарасы айқын байқалмайтын жеке кен сілемдерінен кен қазу жиі кездеседі. Бұл жағдайда академик Л.Д. Шевяковтың ұсынған негізгі ашу қазбалары түсетін орынды анықтау әдістерінің дәлдігі кеміп, көп жағдайларда жарамсыз болыпта қалады. Сондықтан да жарылымы көлбеу, күрт құлама жататын кен қабаттарынан кен өндірудің жобасы жасалған кездерде бас оқпанның немесе штольняның түсетін орны басқа әдістерді пайдалану арқылы нықталады. Ондай әдістің бірі профессор С.К. Соболевский ұсынған графика-аналитикалық әдіс:

1) Көлденең жүргізілген M , N сызыққа кез-келген $l_1, l_2, l_3, \dots, l_n$ қашықтықта түзіледі;

2) Сызықта қарастырылған жүктің нүктесінен M , N сызығына перпендикуляр жүргіземіз;

3) Кез-келген масштабпен көмекші A , B көлденең сызық сызамыз;

4) A және B нүктелерінен перпендикуляр көшіріп ол перпендикулярға масштабпен $Q_1, Q_2, \dots, Q_n$ жүктерін түсіреміз;

5) " A " нүктесінен топтастырылған жүктердің орталығымен сәуле арқылы қосамыз;

6) $Q_1, Q_2, Q_3, \dots, Q_n$ топтастырылған жүктерді солдан оңға қарай көшіреміз, тек $Q_n, \dots, Q_2, Q_1$ жүктерін A нүктесіне түсірілген перпендикулярға түсіреміз.

Сонымен бас оқпан кен орнының сол жағынан 450 м, ал оң жағынан 450 м болған жерде орналасады.

3 Қазу жүйесін таңдау

3.1 Қазу жүйелерін таңдау

Кенді өндіруге қажет ең тиімді қазу жүйесін сұрыптап, таңдап алу тау-кен өндірісінің ең маңызды жұмысы болып саналады. Себібі кенді ашу, даярлау жұмыстары жер қыртысында жатқан кенді қазып алуға бағытталады, яғни тазартпа қазып алу жұмысына аз қаржы жұмсап, қиналмай кен өндіру қолданылатын қазу жүйелеріне тікелей байланысты болады. Тиімді қазу жүйесін таңдап алу кезеңнен тұрады [2].

Бірінші кезең. Алдын – ала қазу жүйесін таңдау кен орнының геологиялық және тау – кен ерекшеліктерін ескеріп, сол ерекшеліктердің ең маңыздысына сүйеніп *тікелей сұрыптау* әдісін пайдаланып, қолданылуы мүмкін деген 5 – 6 қазу жүйесі таңдалады. Алдын – ала таңдау сатысында қазу жүйесіне әсерін тигізетін үнемі әрекет етуші және құбылмалы айғақтар қарастырылады.

Тікелей сұрыптау әдісін пайдаланып тұрақты және құбылмалы айғақтардың әсерін ескере отырып жобалап отырған жағдайларға сәйкес бірнеше қазу жүйесін таңдайды.

Қолданылуға мүмкін қазу жүйелері:

- 1) қабатты өздігінен құлата қазу жүйесі;
- 2) қабатты-кенүңгірлі толтырмалы қазу жүйесі;
- 3) арақабаттық құлата қазу жүйесі;
- 4) қабатты-кенүңгірлі ашық қазым кеңістікті қазу жүйесі;
- 5) бекітпелі кен қазу жүйесі.

Екінші кезең. Алдын – ала таңдауға түскен қолдануға мүмкін деген үш қазу жүйелерінің ішінен академик Ө.А.Байконуров ұсынған *салыстырмалы әдісін* пайдаланып ең тиімді қазу жүйесін таңдап аламыз.

Тиімді жерасты кен қазу жүйесін академик Ө.Байқоңыров әдіс таңдау критерийлерінің жиынтықты әсеріне негізделген векторлық мөлшер шамасына қарап анықтаудың айғақ санына қарай тау-кен ғылымында көп айғақты әдістеме атымен белгілі болды [4,7,8].

Салыстырма әдісінің орындау реті. Оңтайлы белгілер мөлшерінің 3.1 – кестесі тізіледі.

3.1 кесте -Қазу жүйелерінің технико-экономикалық көрсеткіштері

№	Оңтайлы критерилердің аталуы	Өлшемі	Қазу жүйелері		
			3	4	5
1	Кенжар кеншілерінің ауысымдық өнімі	т/аус	23,8	48	42
2	Даярлау-тілме жұмыстарының үлесі	м/1000т	4,8	6	9,1
3	Кеніштің толық өзіндік құны	тг/т	7800	5900	7810

4	Тазартпа қазбаларының құны	тг/т	1100	600	500
5	Түсім коэффициенті	б.ү.	0,82	0,80	0,78
6	Құнарсыздану коэффициенті	б.ү.	0,88	0,92	0,88
7	Кен құндылығы	тг/т	11750	12600	12200
8	Технологиялық шығындардың қосындысы	тг/т	8000	6200	8300
9	1т кеннен түсетін пайда	тг/т	13750	16400	13800
10	Рентабельділігі	%	85	90	87

Салыстырмалы бәсекелес жүйелердің, белгілердің математикалық матрицасын құрамыз:

Барлық критерий бойынша анықталған айырымдық ауытқу матрицасын құрамыз:

$$\Delta J_j^i = \begin{pmatrix} -0,05 & 0 & -0,1 \\ 0 & 0,25 & 0,8 \\ 0,2 & 0 & 0,3 \\ 1,2 & 0,2 & 0 \\ 0 & -0,08 & -0,06 \\ 0 & -0,01 & 0 \\ -0,06 & 0 & -0,03 \\ 0,2 & 0 & 0,3 \\ 0 & 0,7 & 0,01 \\ -0,05 & 0 & -0,03 \end{pmatrix}$$

Енді осы келтірілген айырым мәні негізінде қарастырылып отырған әрбір бәсекелес қазу жүйелеріне ғана тән мөлшерлік векторды анықтаймыз:

$$R_i = \sqrt{(\Delta J_1^i)^2 + (\Delta J_2^i)^2 + (\Delta J_3^i)^2 + \dots + (\Delta J_i^i)^2 + \dots + (\Delta J_n^i)^2}, \quad (3.1)$$

$$R_2 = \sqrt{(0)^2 + (0,25)^2 + (0)^2 + (0,2)^2 + (-0,08)^2 + (0,1)^2 + (0)^2 + (0)^2 + (0,7)^2 + (0)^2} = 0,7$$

$$R_3 = \sqrt{(-0,1)^2 + (0,8)^2 + (0,3)^2 + (0)^2 + (-0,06)^2 + (0)^2 + (-0,03)^2 + (0,3)^2 + (0,01)^2 + (-0,03)^2} = 1,07$$

$$R_4 = \sqrt{(-0,05)^2 + (0,1)^2 + (0,2)^2 + (1,2)^2 + (0)^2 + (0)^2 + (-0,06)^2 + (0,2)^2 + (0)^2 + (-0,05)^2} = 1,3$$

Сайрақ ең төменгі мөлшері болып І-нұсқа тиімді болды.

Жүйенің мәні. Қабаттық тәсілмен дайындалған кен орны немесе кеніш алабы жеке блоктарға бөлініп оның қоры терең скважиналармен уатылып, өздігінен жүретін жабдықтармен тиеп жеткізіліп тау қысымы ашық кеңістікпен басқарылады. Блоктағы кен қабаттың барлық биіктігі бойынша бірден құламайды, бірте-бірте құлап, төбесі күмбезденіп отырады. Ол үшін

төменнен жоғары қарай белгілі бір қашықтықта блоктың шекарасымен бірінің үстінен бірі көмкере жүргізілген жазық қазбалар (қуақаз, қияқаз) күні бұрын өтіледі. Осылайша кеннің төменнен жоғары қарай блок ішінде күмбезденіп өздігінен құлауын қамтамасыз етуге болады. Күмбездің астындағы кенді түсіріп алынған бойы кен өз салмағымен құлап, блоктың ішін толтыра береді, ал күмбездің деңгейі бірте-бірте жоғарылай түседі [13].

4 Кеніш көлігі және оқпан албары

4.1 Көлікті және көлік құралдарын таңдау

Тасымалдаудың технологиялық сұлбасы кен орнының тау кен техникалық жағдайына ашу сұлбасына, қазу жүйесіне байланысты өндірістік бөлімдеріне сүйене құрылады. Жазық және аз көлбеулі кен сілемінен екі қанатты айналмалы тасымалдау сұлбасы бойынша жүргіземіз [12].

Электртасығыш және вагондардың түрі мен өлшемін таңдауға, көп факторлар әсер етеді. Олардың негізгілері өндірістік қуаты және тасымалдаудың арақашықтығы. Жобаға қарасты кеніштің жылдық өнімділігі 835289 т.

Вагон сыйымдылығы мен электртасығышты таңдауға кеніштің жылдық өнімділігі 835289 т. мен қабаттың орташа тасымалдау ұзындығына $L_{орт}=1092$ м жобалау институтының арнайы кестесіне байланысты К-14М контактілі электровозын (газ және шаңы бойынша қауіпсіз шақтылар) және ВГ-4,5А типті вагонды қабылдаймыз.

4.2 Көліктің экономикалық көрсеткіштері

Тасымалдаудың құны келесі элементтер шығыны бойынша анықталады: төлемақы, жабдықтар амортизациясы, электр энергиясы, материалдар. Есептеулер кесте түрінде жүргізіледі.

4.1 кесте-Төлемақы

Жұмысшылар мамандығы	Жұмысшы саны		Жылдық адам ауысым саны	Күндік төлем ақы,тг	Жылдық төлем ақы,тг
	ауысым	тәулік			
1.Электротасығыш жүргізушісі	2	6	1830	12000	3660000
2.Кен тиеуші	3	9	2745	16200	4941000
3.Жөндеу слесарі	3	9	2745	14400	4392000
4. Жол жөндеу жұмысшылары	4	12	3660	16800	5124000
5.Электрослесарь	5	15	4575	21000	6405000
6.Газ пісіруші	4	12	3660	16800	5124000
Барлығы					29646000
Қосымша жалақы,70%					20752200
Жиынтығы					50398200

4.2 кесте -Жабдықтардың амортизациясы

Жабдықтар атауы	Саны	Бағасы, тг		Амортизациялық бөлініс мөлшері,%	Жыл амортизация л-ық бөлініс қоры,тг
		бірлік	жалпы		
1.Электртасығыштар	3	1923840	5771520	18,6	1073502,72
2.Жүк вагоны	48	403200	19353600	32,1	6212505,6
3.Материалдық вагон	7	100800	705600	32,1	226497,6
4.Адам таситын вагон	6	784000	4704000	32,1	1509984
5.Өртке қарсы вагон	2	107800	215600	32,1	69207,6
6.Арнайы вагон	8	798000	6384000	32,1	2049264
7.Түрлендіргіш агрегат	1	3268800	3268800	26,7	872769,6
8.Вагон аударғыш	1	806400	806400	9	72576
9.Стрелкалы ауыстырғыш	25	72000	1800000	15	270000
Барлығы					12356307,12
Құрал жабдықтар 10%					1235630,712
Құрастыру 20%					2471261,424
Барлығы					16063199,26

4.3 кесте Электр энергиясының құны

Энергия тұтынушы жабдықтар атауы	Саны	Қуаты,кВт	Жылдық энергия шығыны, кВт.сағ	1кВт.сағ энергия құны, тг	Жылдық энергия құны, тг
Түрлендіргіш	2	88	1288320	13	16748160
Вагон аударғыш	2	28	409920	13	5328960
Барлығы					22077120
Ескертілмеген энергия 10%					2207712
Барлығы					24284832

4.4 кесте Материалдар құны

Материалдар атауы	Жылдық құны, тг
Майлағыш, сүрткіш материалдары (энергия құнынан 10%)	2428483,2
Қосалқы бөлшектер (жабдықтар амортизациясынан 5%)	803160
